

І ТУЫ

КОМИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

апрель Жұма

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Ауылшаруашылық артелінің Сталиндік Уставы—колхоз құрылысының негізгі заңы. Артель Уставын қатаң сақтап, колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайта берейік!

Уставы— гі заңы

ді. Көптеген колхоз-
ілген жері, малы
гы артельдердің өзде-
Артель Уставын бұр-
ту үшін ауыл шар-
лері арасында түсі-
едәуір дәрежеде кең
ралардың барлығы
ың ұйымдық шар-
нығая түсуіне мүм-

ххоздарында ауыл-
нің Уставын бұрма-
н толық жойылған
азық-түлігін, ақша
таражға салушылық
ін алып келеді. Кол-
талан таражға са-
ктябрь және Полу-
кең орын теккен.
ы «Победа» және
лхоздардың бұрынғы
торич және Нұғыман-
д, колхоз астығын
ан, өздерінің баспай-
өйтп, колхоз мүдде-
йы нұқсан келтіріп
олхоз құрылысына
тен мәлім бола тұр-
ныңың барлығы

★ Май мерекесі құрметіндегі социалистік жарыс

★ Озат фермада

Жыл басында Мамлют асыл тұқымды мал совхозының № 1 және № 2 фермаларының коллективі мал санын өсіру, оның өнімділігін арттыру жөнінде көтеріңкі міндеттемелер алып, өзара социалистік жарысқа түскен болатын. Екі ферманың мал өсірушілері де 1 Май құрметіндегі жарысқа ұштасып, қоғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендету жолында қажырлы еңбек етуде. Бірінші тоқсанда № 2 ферманың коллективі жаппай өнімді еңбек етті де, социалистік жарыста озып шықты.

Бұл мерзім ішінде № 2 ферманың сауыншылары сүт дайындауда үздік табыстарға ие болды. Мұнда бірінші тоқсанда әрбір сауын сыйырдан 1093 литрден сүт алынды.

Сыйыр саууда жекелеген сауыншылардың табысы бұдан да зор. Олар қарамағындағы сыйырларды үнемі жақсы күтімде ұстап, сүтті мейлінше көп алуға жетісті. Мәселен, М. Толмачева, А. Тисина, П. Анохина және З. Ивановна сыяқты сауыншылар әрбір сауын сыйырдан күн сайын 20—25 литрден сүт сауып жүр.

Мұнымен бірге бұл фермада төл алу

★ Теміржолшылардың социалистік жарысы

Бұл күндері Петропавл жол бөлімшесінің кәсіпорындарында саяси және өндірістік зор өрлеу үстінде бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің халықаралық ынтымақтастық күні — 1 Май мерекесін лайықты тартулармен қарсы алу жолын жары күрес күшті қарқынмен жүргізілуде. Теміржолшылар социалистік транспорттың барлық мүмкіншіліктерін толық пайдалану үшін күш-жігер жұмсауда.

Осы жылдың алғашқы тоқсанында жол бөлімшесі бойынша тасымалдың көлемі 12 процент артты. Сонымен қатар, жылдың алғашқы үш айы ішінде 1 миллион сомнан аса мемлекет қаржысы үнемделді. Бөлімше бойынша вагон жөндеу депосының коллективі алда келеді. Ол вагондарды жөндеудің барлық түрі бойынша өндірістік жоспарларды мерзімінен бұрын орындады, 150 мың сом мемлекет қаржысын үнемдеді. Сол сыяқты, Петропавл станциясының жолшылары да өз жұмыстарын едәуір жақсартты. Поездарды графикпен жөнелту проценті өсті, составтарды қабылдау, жөнелту және өңдеу жұмыстары едәуір дәрежеде жақсара түсті.

Мереке қарсаңындағы өрлеу үстіндегі

Середа бастаған миллионер-машинистер қозғалысының онан әрі дамытылуы бола-тұра табылады.

Май мерекесі қарсаңындағы социалистік жарыс күндерінде жұмыстың барлық учаскторінде тамаша табыстарға қол жетіп келе жатқанын байқау қиын емес. Машинист Потешкин, бас кондуктор Королев жолдастардың бригадасы поезд-вагон мастері Семеновпен бірлесе отырып, салмақтық нормадан артық 1 мың тонна жүк тиелген ауыр салмақты составты жуырда Макушино станциясынан Петропавлға графикаға көрсетілген мерзімінен 40 минут бұрын жеткізді.

Жол бөлімшесінің жүк тасу қабілетін арттыру жолындағы жарыс учаскторіндегі барлық жұмыс жүйелерінде зор өрлеу туғызып отыр. Аға вагон байқаушы Аксеновтың сменасы март айында барлық вагондарды жылдамдатылған әдіспен өңдеді. Бұл смена бірнеше операцияларды ұштастыра жүргізу арқылы орта есеппен алғанда әрбір поездға кететін уақытты 10 минутке дейін қысқартып отырады.

Бөлімшеде бесжүзшілер қозғалысын ке

★ Үздік, сапалы жұмыс істейтін станция

Темір жол транспортының жұмысы бір-бірімен тығыз байланысты үлкен біртұтас конвейер. Осы конвейердің барлық тетіктері ақаусыз жұмыс істеуі керек. Әр смена, бригада, әрбір маман өздеріне тапсырылған жұмысты мінсіз, уақытында орындап отырса, темір жол транспортының жұмысы әрқашан табысты болады.

Қыялы станциясының коллективі осы талапқа сай жұмыс істеп, өндірістік жаңа табыстарға жетіп келеді.

Март айында станцияда жүк тиеу жоспары 160 процент, жүк түсіру жоспары 122 процент орындалды. Вагондардың жүк тиеу және жүк түсіру операцияларында бөгелу уақыты нормадағыдан 3—4 сағат қысқартылды. Станцияда барлық поездар расписаниямен қабылданып, график бойынша жөнелтіліп отырылды.

Социалистік жарыста станция кезекшілері Морозова, Денисенко жолдастардың сменалары үздік алда келеді. Бұл кезекшілердің сменалары жүк тиеу және жүк түсіру жұмысын сапалы орындай отырып,

артельдерді ұйымдық шаруашылық жағынан нығайтудың, қоғамдық жер мен өндіріс құралдарын тиімді пайдалануды жақсартудың, еңбек ұйымдастыруды жолға қоюдың, колхоз өндірісінің түрлі салаларында еңбек өнімін арттыра берудің және колхоз кірісін дұрыс есептеп, бөлудің жолдары мен әдістері дәлме-дәл және айқын көрсетілген.

Ауылшаруашылық артелінің Сталиндік Уставын күнбе-күн және мүлтіксіз жүзеге асыру колхоздардың қоғамдық дәулетін молайта түседі, колхозшылардың әл-ауқат дәрежесінің арта беруін қамтамасыз етеді. Бір сөзбен айтқанда, ауылшаруашылық артелінің үлгілі Уставы мемлекет мүддесін, колхоз мүддесін және колхозшылардың да мүддесін қорғайды.

Партия мен үкметіміз ауылшаруашылық артелі Уставының бұрмаланбауын және оның мүлтіксіз жүзеге асырылуын талап етуде. Партия мен үкметіміздің бұл нұсқауын орындай отырып, облысымыздың партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары артель Уставын бұрмалауды жою жөнінде бірта-

ртелінің Уставы колхоз ісін басқарудың демократиялық негіздерін берік қолданып, мүлтіксіз жүзеге асыруды талап етеді.

Артель Уставын бұрмалауды толық жою үшін ауылшаруашылық орындары колхоздарда есеп жұмысының дұрыс жолға қойылуын қамтамасыз етуге, олардың түрлі мекемелермен есеп айырылып отыруларын кезінде тексеріп отыруға міндетті. Жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары колхоз басқармалары мен председателдерінің Уставты қатаң сақтау жөніндегі жұмысына бақылау жасап, артельдердің шаруашылық-финанс жұмыстарының жақын етжей-тегжейлеріне дейін зерттеп, білін отыруға тиіс.

Ауылшаруашылық артелінің Уставын бұрмалаудың қандай ғана түріне болсын төзуге болмайды. Артель Уставын бұрмалаушылар қатаң жазалануға тиіс.

Ауылшаруашылық артелінің Сталиндік Уставы — колхоз құрылысының негізгі заңы. Артель Уставын қатаң сақтап, колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайта берейік!

—00—

Леонардо да Винчидің туғанына 500 жыл

МОСКВАДАҒЫ САЛТАНАТТЫ МӘЖЛІС

Совет халқы бүкіл прогресшіл адам баласымен бірге итальян халқының даңқты ұлы, данышпан суретші және ғалым Леонардо да Винчидің туғанына 500 жыл толуын атап өтуде.

Кеше Москваның Мемлекеттік консерваториясына суретшілер, скульпторлар, архитекторлар, ғалымдар, жазушылар, астана кәсіпорындарының стахановшылары, студенттер, партия, совет және қоғам ұйымдарының өкілдері жыйналды. Мұнда Москвада тұратын елшіліктер мен миссиялардың басшылары да болды.

Салтанатты мәжіліс басталғанға дейін жыйналғандар ұлы итальян суретшісінің картиналарынан жасалған суреттер мен репродукциялар көрмесін сүйсіне көрді.

Салтанатты мәжілісті ССРО-да Леонар-

до да Винчидің туғанына 500 жыл толуын өткізу жөніндегі Комитеттің председателі ССРО халық суретшісі Б. В. Иогансон ашты.

«Ұлы итальян суретшісі және ғалымы Леонардо да Винчи» деген тақырыпта профессор М. В. Алпатов баяндама жасады.

Бұдан кейін академик И. И. Артоблевский, ССРО сурет академиясының президенті, ССРО халық суретшісі А. Герасимов, архитектура академиясының президенті А. Г. Мордвинов сөз сөйледі.

Леонардо да Винчидің туғанына 500 жыл толуына арналған салтанатты мәжіліс аяқталғаннан кейін үлкен концерт болды, онда итальян және орыс музыкасынан шығармалар орындалды.

(СОТА).

апырель айларында Сталин атындағы колхозға, клуб, Преснов МТС-нің механизаторларына 5 жаңа үй салды.

Кәзір кәсіпшілік артелінің мүшелері алған социалистік міндеттемелерін аброймен орындау үшін күресуде.

М. ӘКІМЖАНОВ,

СУ ҮШІН КҮРЕС—ЖЕМШӨП МОЛШЫ.

Бөгет салынды

«Советский» ауылшаруашылық артелінің егістік жерлері мен шабындықтары Бас Қара Су өзеншесі басып өтеді. Бұл өзеннің суы бұған дейін егістік жерлер мен шабындықтарды суландыруға пайдаланылып көрген жоқ-ты. Қолға бар су қорын тиімді пайдалану жолындағы социалистік жарысты кеңіген өрістете отырып, колхоз егіншілері быйылғы жылы тоғандар мен бөгеттер жасау арқылы аталған өзеннің суымен егістік жерлер мен шабындықтарды суаруға ұйғарып отыр.

Кәзір өзенше де құрылыс жұмыстары кеңінен өріс алды. Күнiлгерi жасалған жоспар бойынша өзеiше бойынан бiр үлкен тоған салынбақ. Тоған салынып болғаннан кейiн өзенше суы өз арнасынан едәуiр асып егiстiк жерлер мен шабындықтарға қарай ағатын болады. Бұл тоған арқылы өзенше суымен кем дегенде 500-гектардай егiстiк жерлер мен шабындықтар суландырылады.

Өзенше суы әресе шабындықтарға көбiрек жiберiледi. Мұның өзi шабындық жердiң әрбiр гектарынан шөптi мейлiнше көп жыйнауға, сөйтiп, мал азығының берiк қорын жасауға қосымша зор мүмкiншiлiктер туғызады.

Бас Қара Су өзеншесі Воровский атындағы ауылшаруашылық артелінің де егістік жерлер мен шабындықтарын бойлай ағады. Осыны еске ала отырып, колхоздың № 3 егіс бригадасының егіншілері өзенше бойынан су бөгетін жасап, 450 гектар егістікті сумен қамтамасыз етпек.

Ж. ЕСКЕНЛІРОВ,

Ленин ауданы.

Мамлют ауданындағы Сенжар селолық тұтынушылар қоғамының сатушылары арасында бүкілхалықтық мереке — 1 майды лайықты табыстармен қарсы алу жолындағы социалистік жарыс қыза түсуде. Мәселен, сатушы Глаголева жолдас бірінші тоқсанның жоспарын 120 процент орындап шықты. Сол сыяқты,

В. Рябых жо 114 процент, процент орын

1 Май мер листік жарыс ның коллекти тарға не болу

Су байлығын

Октябрь ауданындағы бірсыпыра колхоздарда су қоры мол. Әресе, Есіл өзені тасыған жылы көлденеңі 10—15 километр жерге дейін су жайылады. Есіл тасымаған жылдың өзінде де қар суы мол болып, алқа мен тоғайлардың бойын сумен толық қандырады. Сондықтан Есіл өзенінің екі жағындағы алқа мен тоғайларда, алқап пен түбектерде шөп орасан шығымды болады.

Өткен жылдары кейбір колхоздардың басшылары осындай табиғат байлығын толық пайдаланбай келді.

Мысалға Ленин атындағы колхозды алайық. Бұл колхоздың Есіл өзенін жағалаған тоғайы мен алқасы мыңдаған гектарға созылады да, колхоздың батыс бетінен 7 километр жерден бастап, Есіл бойымен бұрынғы «Мектеп» колхозының жеріне дейін барады. Екі арада кемінде 20 километр, ал көлденеңі 2 километр. Бұл жердің бәрі де тоғай мен алқа, су мол жайылатын арна.

Ал, колхоз басқармасы осыншама су жайылымына мән бере білген емес. Шөп қаншама қалың шыққан тоғайлар мен алқалар шабылмай қалады, немесе мал-

дың тапауында қояды. Мәселе Тұяқ тоғайы, алқасы, Жәніб мыңдаған гект Шөбі айта қал Не пайда, бұл машиналары к ды да, кетін жерлердің шүй лады.

Колхоздың а Тұяқ тоғайына ға байланады. жайылған Тып Бұл малдардың да өте мол. Бі жайылымын да ды.

Жамбыл аты дай осындай. І ді Асылбеков, герушісі Құсай йылған алқа, сіз етіп келеді. «Бөйгед» тоғай де мыңдаған ц

СОВХОЗДАР

Булаев ауданы совхоздарында қар суын бөгеу жұмысы кең өріс алды. Совет астық совхозының коллективі бұл жұмысқа түгел қатысып жүр. Совхоздың барлық бөлімшелерінде су үшін күрес игі іске айналды. Жоспар бойынша сов-

хозда 1 мың ге луі керек болса

Мұндай игілі астық совхозын кірісті. 600 ге суы тоқтатылды

социалистік жарысы

ЫҢ ИГІЛІКТІ ЖАУАП БЕРЕЙІК!

ердің социалистік сы—табыс кілті

ервиюлардың
барған са-
де зор роль
және по-
истік жары-
ыру әдетке

социалистік
бойынша рес-
зі шартта-
ын 30 ауыл-
лік Советтері
інде Сүлікгі,
Ленин, Тоқ-
нь ауданы),
еснов аудан-
(), Дубровин
қа бірнеше
Советтер бар.
олық Совет-
аткомдері от-
рысты ұйым-
жасау ісін
ана тынды-
е еңбекшілер
жұмылдырды.
омдері жарыз
де шығарман
тұрақты қо-
рді белсене
ттер, әсіресе,
ктябрь Петро-
аалып келді.
ыздағы сыяқ-
ық, селолық
тоқшындық-
п. 1952 жыл

нақты ұйымдастыру үшін оның ұйымда-
стыру мәселелеріне көп назар аудару қа-
жет. Өйткені, істің орындалуын тексеру
және ұйымдастыру қай жұмыста болсын
—табыс кілті. Әрбір колхоздың, совхоз-
ның, ферманың, мектептің және басқа
участоктің жұмысын дұрыс ұйымдасты-
рып, колхозшылар мен жұмысшылардың
стахановша еңбек етуіне жетісу қажет.
Жұмыстың әрбір участогіне совет актив-
терінің бөлу арқылы социалистік жарыс-
тың орындалу барысын үнемі қадағалап
отыруға жетісу керек.

Бұл үшін жұмыстың әр участогінде
көрсеткіш тақталарын ұйымдастыру,
жауынгерлік листоктар шығару, оларда
міндеттемелердің орындалуын көрсетіп
отыру қажет. Мұндай шаралар жарыстың
шарттарын дер кезінде орындау жолы-
дағы күресте бұқараның өндірістік өр-
леуін туғызады және басшылардың, де-
путаттар мен активтердің жұмысқа жа-
уапкершілігін күшейтеді. Социалистік
жарысты ұйымдастыру және оның бары-
сын тексеру үшін тұрақты комиссиялар-
ды үнемі пайдалану қажет. Олардың жұ-
мыс жоспарларында, әсіресе, артта қал-
ған участоктердің жұмысын жақсарту
шаралары қарастырылуы керек.

Ауылдық, селолық Советтер әр айдың
аяғында жессияда социалистік міндетте-
мелердің орындалуы жөнінде атком пред-
седателі мен тұрақты комиссиялардың
хабарларын тыңдап отырулары қажет.
Социалистік жарыстың қорытындысын
маусым бойынша шығару (1952 жылғы

Біздің коллективтің қабырға газеті

Комбинат цехтарында 19 цехтық, екі
жалпы заводтық қабырға газеті шығары-
лады. Жалпы заводтық «За мясную ин-
дустрию» газеті аптасына бір рет, «За-
мир» газеті айына екі рет, ал, цехтық қа-
бырға газеттері айына екі реттен, кейбір
цехтарда үш реттен шығарылып тұрады.

Жалпы заводтық «За мясную индус-
трию» газетінің бас редакторы және төрт
бригадасы, бригаданы басқаратын смена-
лық редактор және редколлегияның бір-
неше мүшесі бар.

Сменалық редактордың басқаруымен
бригадалар газетті кезекпен шығарып
тұрады, газетті шығарар алдында смена-
лық редактор барлық материалдар жөнін
де бас редактормен келісіп алады. Бас
редакторлыққа партия ұйымының бюро
мүшесі бекітілді. Жалпы заводтық қабыр-
ға газетінің редакциясы газеттің кезекте-
гі номерін шығарғанға дейінгі екі арада
«Молния» листогін шығарады. Цехтарда
қабырға газетін редколлегия шығарады.

Партия бюросы қабырға газетіне күн-
бе-күн зор көңіл бөліп отырады. Партия
бюросының қарары бойынша тоқсан са-
йау барлық газеттерге 2—3 күндік бай-
қау өткізіледі. Бұл үшін партия бюросы-
ның бір мүшесінің басқаруымен арнаулы
комиссия құрылады. Байқаудан кейін
комиссия редакторлары мен және ред-
коллегия мүшелерімен кеңес өткізеді.
байқаудың қорытындысы цех партия
ұйымдары мен қабырға газеттері-
нің редакторларын қатыстыра отырып,
партия ұйымының бюросында талқылана-
ды. Кәзір 1952 жылдың бірінші тоқса-
нында шығарылған қабырға газеттерінің
байқауын өткізуге әзірлік жүргізіліп жа-
тыр.

Қабырға газеттерінің редколлегиялары
газетке цехтағы жұмыстың жағын сурет-
тейтін шағын бірнеше материалдар орна-
ластыруды қарастырады. Цех қабырға га-
зеттерінде шағын 8-10 мақала және бір-екі
сын мақала беріледі. Барлық газеттер ай-
лық жоспардың орындалу қорытынды-
сын, жеке бригадалар мен стахановшы-
лардың жұмысын жариялап отырады.

Шұжық цехында шығатын «Ударник»
қабырға газеті (редакторы Гурдонова
жолдас) соңғы төрт ай бойына Левченко
мен Мухановтың жұмыс әдісін меңгеру
мәселесіне, жеке операцияларда өнімнің
өзіндік бағасын кеміту үшін өзара жа-
рысқа түскен 4 бригаданың жұмысына ерек-
ше көңіл бөліп келеді. Шұжық цехында-

Халықаралық экономикалық кеңес Қорытынды мәжіліс

12 апрельде кешке Халықаралық эконо-
микалық кеңестің қорытынды пленум
мәжілісі болды.

Мәжілісті Нань Хань-чень (Қытай)
ашты.

Профессор Добретсбергер (Австрия)
президиумының атынан Біріккен Ұлттар
Ұйымының Бас Ассамблеясына арналған
Үндеудің жобасын кеңестің қарауына
тапсырды. Үндеудің мазмұны — халық-
аралық сауданы ұлғайтуға көмектесу
мақсатында таяу уақыттың ішінде іскер
топтардың, сол сыяқты, барлық елдердің
кәсіподақтары мен басқа да қоғамдық
ұйымдарының қатысуымен үкмет өкіл-
дерінің кеңесін шақыртуды ұсыну.

Профессор Матин -Дафтари (Иран)
президиумының тапсыруы бойынша ха-
лықаралық сауданы өрістетуге көмекте-
су Комитетін құру туралы ұсынысты
жариялады. Бұл ұсынысты дәлелдей кел-
діп, Матин -Дафтари былай деп мәлім-
деді: Халықаралық экономикалық кеңес
қуанышты инициатива болғандығы дау-
сыз, өйткені, бұл кеңес экономикалық сис-
темасы әртүрлі елдерден келген кеңеске
қатысушылардың өз көзқарасын баян-
дауына мүмкіншілік берді. Кеңесте ха-
барлар ауысу қандай да болса рақым-
шылыққа лайық кәзіргі экономикалық
жағдайдың жанды бейнесін жасады. Со-
нымен қатар, деп атап көрсетті баянда-
машы, біз мұнда түрлі елдердің сауда
саласындағы мүмкіншіліктері туралы біл-
дік және халықтар душар болып отыр-
ған қиыншылықтарды женудің әдісте-
рін зерттедік. Сондықтан бұл кеңес жақ-
сы бастама болды, осыған байланысты
президиум сіздерге халықаралық сауда-
ны өрістетуге көмектесу Комитетін құ-
руды ұсынып, осы пайдалы істі мұнап
былай да жүргізе беруді ұсынуға ұй-
ғарды.

Халықаралық экономикалық кеңестің
Бас секретары Р. Шамбейрон пленум
мәжілісінің бекітуіне кеңестің жалпы қо-
рытындылары туралы мазмұндаманың

Председательдің осы документтердің
бірауыздан қабылдануы жөніндегі хаба-
рын кеңеске қатысушылар жалынды,
ұзаққа созылған ду қолшапалақтаумен
қарсы алды.

Үзідістен кейін Лалчанд Хирачанданың
(Индия) председательлік етуімен мәжіліс
онан әрі созылды. Кеңеске қатысушылар
халықаралық сауданы өрістетуге көмек-
тесу Комитетін сайлады.

Лорд Бойд—Орр (Англия) өзінің
сөзінде кеңестің табысқа жетуі үшін көп
жұмыс істегеніне инициатива комитетіне
және Советтік дайындық Комитетіне
алғыс айтты. Бізге, деді ол, қажетті
барлық жағдайлар жасалды. Бұл кеңес-
те деп атап көрсетті Бойд—Орр, біздің
көп табыстарға қолымыз жетті. Ағыл-
шын делегациясының пікірі бойынша біз
маңызды келісімдер жасадық. Олар
тұрмыс дәрежесінің арттырылуына көмек
және тұрмыс дәрежесінің төмендеуіне,
деді шешен, кедергі жасайтын болады.
Шешен Халықаралық экономикалық ке-
несті тарихи оқыйға ретінде сыпаттады.

Бұдан кейін ССРО-ның Сауда Пала-
тасының Председателі Нестеров сөйледі.
«Кеңеске қатысушылардың саны, олар-
дың істі білушілігі және кеңестің жұ-
мысындағы белсенділігі, сөз сөйлеген-
дердің барлығына олардың назар ауда-
руы, —деді ол, —осының барлығы ха-
лықаралық сауданы ұлғайту үшін прак-
тикалық жолдарды іздегіруге деген
тілектестікті бейнеледі.

Осында, осы залда, айтылған түрлі-
ліктер экономикалық ынтымақтастық
саласында түрлі елдердің билеушілері,
экономикалық және саяси системалардың
әртүрлілігіне қарамастан мемлекеттер ара-
сында байланыстылықтың көптеген тү-
йіндерін табуға болады деп сендіруге
мүмкіншілік береді».

Нестеров кеңеске қатысушыларға ке-
десте белгіленген бағытта ойдағыдай
жұмыс істеу жөнінде тілектестік білдір-
ді.

Россиядағы революциялық қозғалыс тарихының даңқты кезеңі

(Лена жұмысшыларын ашудың 40 жылдығына)

Бір мың тоғыз жүз он екінші жыл Россия жұмысшы табының ерлік күресі тарихына еліміздегі социализм үшін революциялық қозғалыстың жаңа өрлеуінің басталған жылы болып енді. 1905 жылғы революция жеңілгеннен кейін Россияда столыпін реакциясының қаратпек дәуірі басталды. Патша самодержавиясы, помещиктер мен капиталистер, саяси және әлеуметтік езуге қарсы күрескен жұмысшы табынан және бүкіл еңбекшілерден қаталдықпен репрессия жасап, өш алды.

Бұл аса ауыр жылдарда лениншіл большевиктер ғана революция жағында болып зор сенімді ақтады. Олар таяудағы жылдарда революцияның жаңадан сөзсіз қайта өрлейтіндігіне берік сеніп, қажымай-талмай күш жыйнады, сөйтіп жұмысшы табын болашақ даңқты ұрыстарға әзірледі.

Тарихи оқыйғалардың барысы большевиктердің болжауының дұрыстығын толық дәлелдеді.

Сол кездегі жұмысшы қозғалысы шежіресінің жарқын және ерлік кезеңінің бірі Лена алтын приискілері жұмысшыларының стачкасы болып табылады.

* * *

Лена алтын кендерінің жұмысшылары рақымсыз қатаң қаналды. Капиталистер бұл жерге жарғылай отарлық тәртіп орнатты. Есқа дүниеден мыңдаған шақырым аулақта, қалың орман арасында, теміржолдан екі мың километр қашықтықтары бұл жұмысшылар өздерінің семьяларымен бірге кен иелерінің нағыз құлдығына түсті.

Ленадағы еңбек жағдайынан жұмысшылардың тұрмысы шын мәнісінде адам төзбестік еді. Жұмыс күні таңертеңгі сағат 5-ге басталып, кешкі сағат 7-де аяқталатын. Демалыс деген болмайтын. Жарытымсыз жалақы шексіз штрафтармен, істеген жұмысты өлшеген кезде жаңылдырумен, жұмысшылар азық-түліктер сатып алуға міндетті түрде тиісті болған дүкендерде зәтты кем беру, ақшаны артық есептеп алумен қысқартыла беретін. Жұмысшылар сапасы жаман товарларды үш есе қымбат бағамен сатып алатын. Жұмысшылардың еңбегімен тапқан ақшалары өз қолдарына тимейтін, сол жалақы есебінен айына бір рет 5 сомнан 7 сомға дейін ақша және қожаларының дүкендерінен товарлар алу үшін талондар ғана берілетін. Жалақының қалғанын әкімшілік орындары келісім бойынша жылына бір рет, күзде төлеуге міндетті болды. Бұл міндеттемені әкімшілік орындамайтын, «Лензото» серіктігінің жұмысшыларына беруге тиісті қарызы өте көп болатын.

Шахталарда еңбек ету жағдайы өте ауыр болды. Техника хауінсіздігінің қаранайым ережелері де сақталмады. Мұның өзі адамдардың мертігуіне және ауруға шалдығуына әкеліп соқтырды.

Жұмысшылардың семьяларымен тұратын қазармаларының жағдайы өте жаман болатын.

Бұл арада өлімнің көп болуы кездейсоқ емес. «Лензото»ның иелерін байытқан орасан зор байлықтар мыңдаған шахтерлердің маңдай терінен, табан етінен шығатын. «Лензото» қожалары

алтын кендерінен жыл сайын орасан көп ақша—жеті миллионнан астам сом пайда тапты.

Қожайындар тарапынан болған құлақ естіп, көз көрмеген зорлық-зомбылық, тәзіп болмастық капиталистік езу Лена кеншілерінің ашу-ызасын тудырды. Олардың арасында наразылық және ыза-лы ашу барған сайын ұлғая берді.

29 февральда (13 мартта) жұмысшылардың жағдайы ерекше ауыр болған Андреев кенінде ереуіл басталды. Бұл ереуілдің тікелей себебі тамаққа жарамсыз жылқы етін беруден басталды. Кеншілердің шыдамы ақырғы шегіне жетті. Олар жұмысты тоқтатып, әкімшілік орындарынан азық-түлік дүкеніндегі сатушыны дереу орнынан алуға талап етті. Әкімшілік орны бұл талапты орындаудан бастартып, жұмысшылардың жұмысқа кірісуін ұсынды, әйтпеген күнде жұмыстан шығарамыз деп қорқытты. Андреев кенінің жұмысшылары ереуілді жүргізе бермек болып көрші кендерді ереуілге қосылуға шақырып делегация жіберді. Бірнеше күннен кейін барлық кендерде бірдей жұмыс тоқтады. Лена кеншілерінің ереуілі жаппай ереуілге айналды. Орталық стачка комитеті сайланды, бұл комитетке бірнеше большевиктер және большевиктік пікірдегі жұмысшылар енді.

Ереуілдің басынан бастап-ақ жұмысшылар оның бейбіт сыпатта екендігін айқын көрсетті. Бұған қарамастан, әкімшілік орындары қозғалыстың құлашының кендігінен және ұйымдасқандығынан қорқын, алтын кендеріне бір рота солдат жіберуге Петербургтан рұқсат алды. Сонымен бірге бұл жерге ерекше өкілдік пен жандарм ротмистрі Трещенко келді.

4 (17) апрельге қараған түні он жұмысшы, соның ішінде жұмысшылардың

сайланған екі өкілі тұтқынға алынды. Бұған ызаланған 3 мыңға жуық кеншілер өздерінің тұтқынға алынған жолдас-тарын босатуды талап ету үшін прокурор Преображенскийге баруға бет алды. Офицердің бұйрығы бойынша солдаттар бейбіт қарусыз топқа оқ атты. Осының салдарынан 250 адам өлтірілді және 270 адам жараланды.

Лена жұмысшыларын атқылау бүкіл елде аса зор ашу-ыза тудырды. Мемлекеттік Думадағы социал-демократиялық фракция Ленадағы қанды оқыйғалар жайында үкметке сурақ қойды. Бұл сураққа жауап бере келіп, патшаның ішкі істер министрі Макаров арсыздықпен былай деп мәлімдеді: «Осылай болды және осылай болады да!» Патша сановнигінің бұл арсыз жауабы жұмысшыларға патша самодержавиясын құрту арқылы бостандыққа жетуге болатындығын, басынан аяғына дейін тозығы жетіп шіріген реакциялық тәртіпке қарсы қатал күрес жүргізу керектігін тағы да көрсетті.

Большевиктік партияның шақыруы бойынша бүкіл Россияда Лена шахтерлерін зұлымдықпен атқылауға қарсы наразылық ретінде жұмысшы табының жаппай саяси ереуілдері басталды.

Лена оқыйғаларын және онан кейін бұқараның революциялық белсенділігінің қауырт өсуін бағалай келіп, В. И. Ленин былай деп жазды: «...Россия революциялық өрлеу кезеңіне енді».

Бұл көрнекті кезеңде Прагадағы партия конференциясында сайланған, Сталин жолдас бастаған большевиктік партияның Орталық Комитетінің Ресейлік бюросы өте зор ұйымдастырушылық жұмыстар жүргізді. Февральдің аяқ кезінде айдаудан қашқан Сталин жолдас 10 (23) апрельде Петербургқа келді. Редакциясын өзі басқаратын большевиктік жария «Звезда» газетінде басылған бір-

қатар мақалаларын мысшы табының аяларының және бұл болған пролетари ереуілдерінің саяси бұларды жаңа кезеңінің жаңа, жоғары деп бағалады.

«Ленадағы аты Сталин жолдас, —у сөйтіп, —халық ісең қозғалды.

Қозғалды!...

Бәзіргі тәртіптегі бағандықтың бәрі, жанына батқан на бәрі бір фактыға оқыйғаға барып құ Міне, сол үшін ереуілдер мен дем дабыл болды».

Бұл кездегі ре тьң маңызды ере реске шаруалар бұ солдаттар мен мат болып табылады.

Большевиктік п өрлеудің бұл жыл тарды жария жұм атырып, жұмысшы цияға бастады.

Осыдан 40 жыл дерінің өз өмірлер жұмысшы табын азат ету ісі Ленин- басшылығымен біз құрды.

Елімізде комму нандық сталиндік жүзеге асырып жа өмірін жұмысшы құрбан еткен баты ге сақтайды.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактор партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет таби